

**Зеленов аудандық мәслихаттың 2008 жылғы 3 қыркүйектегі N 8-4 "Зеленов ауданы мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Зеленов аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 5 наурыздағы N 11-6 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы әділет басқармасында 2009 жылғы 27 наурызда N 7-7-87 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Зеленов аудандық мәслихатының 2012 жылғы 19 сәуірдегі N 3-3 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Зеленов аудандық мәслихатының 2012.04.19 N 3-3 Шешімімен**

Қазақстан Республикасы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Бюджет Кодексіне, Қазақстан Республикасы "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заңына сәйкес Зеленов аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. "Зеленов ауданы мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы" Зеленов аудандық мәслихаттың 2008 жылғы 3 қыркүйектегі N 8-4 шешіміне (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 7-7-72 тіркелген және аудандық "Ауыл тынысы" газетінің 2008 жылғы 18 қазанында жарияланған) мынадай толықтырулар енгізілсін:

1 тармақта :

1) тармақшада "1" деген сан "1,5" деген санымен ауыстырылсын;

2 тармақта :

1) тармақшада "шұғыл әлеуметтік қолдау төлемдері (емделу, тұрмыстық қажеттіліктер, отбасы мүшелерінің қайтыс болуы тағы басқа ауыр жағдайларда)" деген сөздерден кейін "жан басына шаққанда орташа табыстары ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен нашар қамтамасыз етілген отбасыларына (азаматтарға) ұзақ амбулаторлық емделуіне туберкулез ауруына шалдыққандардың (жол жүру және тамақтануға), жалғызбасты тұратын зейнеткерлер мен мүгедектерге, сонымен қатар екі және одан артық мүгедектер бар отбасыларына" деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақша алынып тасталынсын;

3) тармақшада "Тоғызыншы мамыр – Жеңіс күніне біржолғы төлемдер" деген

сөздер алынып тасталынсын.

2. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*С е с с и я                      т ө р а ғ а с ы*

*Аудандық мәслихат хатшысы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК